

15 Сәуір 2024



«Эйр Астана» акционерлік қоғамы
(«Эйр Астана тобы» немесе «Топ»)

«Эйр Астана» тобы Neos компаниясымен стратегиялық әріптестікке кіреді

Түсім мен флоттың көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі әуекомпаниялардың ірі тобы «Эйр Астана» акционерлік қоғамы Alpitour тобына кіретін кіретін әрі екінші итальяндық әуекомпания саналатын (бұдан әрі «Тараптар») өзара түсіністік, стратегиялық әріптестік туралы меморандумға қол қойды.

Стратегиялық әріптестік ынтымақтастықтың бірнеше бағыттарын қамтиды.

- Код-шеринг туралы келісім, оның шеңберінде «Эйр Астана» Neos компаниясы орындайтын рейстерде, Милан Мальпенса (MXP) мен Алматы (ALA) арасында және кері бағытта маркетингтік кодты қолданатын болады.
- «Эйр Астана» тобы үш Boeing 787-900 ұшағын алатын 2025 жылдан бастап Boeing ұшақтарына қызмет көрсету бойынша ынтымақтастық. Мүмкін болған жерде Тараптар Neos компаниясының ұшақтарын ағымдағы пайдалану және «Эйр Астана» ұшақтарын пайдалануға беру барысында алынған техникалық және пайдалану білімдерімен алмасатын болады.
- Тараптар, егер бұған нормативтік, монополияға қарсы және үкіметтік органдар мүмкіндік берсе, Италия мен Қазақстан арасындағы бағыт (тар) үшін бірлескен кәсіпорын құру мүмкіндігін қарастырады және бағалайды.

«Эйр Астана» компаниялар тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер былай деді:

"Біз Neos-пен стратегиялық серіктестікке кіруге қуаныштымыз және ортақ клиенттерімізге анағұрлым жақсы қызмет көрсету үшін бірлескен бастамаларды асыға күтеміз. Бұл келісім «Эйр Астана» жолаушыларына Қазақстан мен Италия арасындағы рейстерді таңдаудың икемділігін, ыңғайлылығын және мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алғашқы интерлайн-келісімге "Эйр Астана" 2005 жылы қол қойған және содан бері Топ клиенттерімізге бүкіл әлем бойынша саяхат жасау үшін бұдан да көп мүмкіндіктер ұсынуға ұмтыла отырып, Азия мен Еуропадағы басқа да халықаралық тасымалдаушылармен байланыстарды ұдайы кеңейтіп келеді "

Сұрақтар бойынша, хабарласыңыз:

«Эйр Астана» тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс жөніндегі жетекші)

Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президент)

investor.relations@airastana.com

+7 727 258 41 36

media@airastana.com

+7 727 258 41 35

Instinctif Partners («Эйр Астана» тобының PR және инвесторлармен байланыс жөніндегі кеңесшісі)

Damian Reese

Joe Quinlan

Vivian Lai

airastana@instinctif.com

+44 7931 598 593

+44 7493 867 439

+44 7493 867 459

«Эйр Астана» Тобы туралы

«Эйр Астана» Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. «Эйр Астана» тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 50 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. «Эйр Астана» Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. FlyArystan сондай-ақ алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды және бүкіл әлем бойынша Skytrax төрт жұлдызды он екі әуекомпаниясының бірі болып табылады. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).